



Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ МАРТА РЕФЕРЕНДУМ

Важен голос
каждого из нас!

www.election.gov.kz

Есептен шығару куәлігі

2026 жылдың 15 наурызында республикалық референдум өтеді. 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сізге өз учаскенізде референдумға қатысуға құқылы азаматтардың тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі берілетін болады.

Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтініспен жүгіне аласыз. Егер азамат өзінің болатын жерін өзгертсе, ол 2026 жылғы 27 ақпаннан бастап, 14 наурыз күнгі сағат 18:00-ге дейін учаскелік референдум комиссиясына өтініштің негізінде есептен шығару куәлігін алуға құқылы. Есептен шығару куәлігін сенімхат негізінде алуға рұқсат етіледі.

Есептен шығару куәлігін ұсынған кезде учаскелік референдум комиссиясы дауыс беру күні азаматты оның болатын жері бойынша учаскедегі тізімге енгізеді. Бір елді мекеннің шегіндегі басқа учаскеде дауыс бергісі келетін азаматтарға есептен шығару куәлігі берілмейді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘЙЕЛ-АНА - ӘДІЛДІК ПЕН АДАМГЕРШІЛІКТІҢ АЙНАСЫ



Аналар мерекесі – адамзат тарихында ізгілік пен нәзіктіктің, парасат пен сабырдың нышанына айналған аяулы жандарға тағзым ететін тағылымды күн. Көне дәуірден бері халқымыз әйел-ананы «шаңырақтың шырағы», «ырыстың ұйытқысы», «берекенің бастауы» деп қастерлеген. «Әйел – әлем тірегі» деген даналық сөз бекер айтылмаса керек.

(Жалғасы 2-бетте)

КЕЛБЕТ

ЖЕТПІС ДЕГЕН ДЕР ШАҒЫ ДАНАЛЫҚТЫҢ

«Жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілісін» демекші, ел-жұрт қошметі өз алдына, ал заң мен сот айналасы өз ардагерлерін биік тұғырға көтеріп, мәртебесін асыра білетіні сөзсіз. Міне, сондай абыройы жоғары ардагердің бірі – Моряк Шегенов ағамыз жетпістің желкесіне мініпті.

Ардагер тұлғамыздың есімінің өзі елді елең еткізеді сөзсіз. Абай атамның Пушкиннен аударған «Алтын балық туралы ертегі» поэмасы: «Асау теңіз долданып, буырқанып» деп басталушы еді. Сол сияқты Моряк дегенде де, адам елең етіп, сондай суретті көз алдына елестетпей ме?! Сөйтсек, ағамыз ондай теңіз-дарияда жүріп өспеген, боз жусан иіскеп, құм кешкен қарапайым ауыл баласы екен. Ағамыз өмір есігін ашқанда, бір теңізші болған жамағайын туысы өскер қатарынан оралса керек. Ырымшыл қазақ «балам осындай теңізші болса, жаман болмас» деп сәбиін «Моряк» атаған. Осыдан тура он жыл бұрын, ағамыз алпысқа толғанда, құрдасы Әділ Құрықбаев «Егемен Қазақстан» газетіне дәл осылай мәнмұндалатып, «Моряк» деген атаумен мақала жариялап, мұның тарихын қызықты баяндап бергені есімізде.

Моряк Смағұлұлының да айшықты өмірбаянында жарқын жемісті жолдары сайрап жатыр. Бірақ, соған жету оңайға соқпаған; біздің кейіпкеріміз бала жасынан өмірдің талқысына түсіп, талай сынақты басынан өткеріпті. Бірақ мойымаған, сынбаған, түпкілікті мұрат-мақсатына жету жолында табанынан тозып, еңбектеніп, қажымай-талмай ізденген. «Ізденген жетер мұратқа» демей ме?!

Бір көзіміз жеткені, осы кеңестік дәуірде туып-өскен ұрпақтың кез келгенінің өмірі – жазылмаған бір дастан. Әсіресе, заңгерлік шыңына жетудің кім-кімге де оңай соқпағанын бірден аңғарасыз. Олай болатын себебі түсінікті, жетпіс жылдық кеңестік дәуір елдің иығына адам айтқысыз ауыр

азапты тауқымет түсірді. Сол секілді Моряк Смағұлұлы өмір есігін ашқан 1956 жылдардың өзінде, алдыңғы қасіретті кезеңдердің әлі зардабы басыла қоймаған, халық бірінен кейін бірі алмасқан қанды революция, көмеспесе жұты, сұрапыл ашаршылық, репрессияға ұласқан қуғын-сүргін, іле-шала басталған қырғын соғыс зұлматынан әлі ес жиып үлгермеген, тіпті, сол саясат ызғары басылмаған, ел үрейден арылмаған, әрі Никита Хрущевтің елдің басына әңгіртаяқ орнатқан заманы еді. Халық бұл кезеңде әлі бүтін киімге қолы жетпеген, ішер астың өзін қанағат қылған уақыт болғандығын үлкендерден естіп, құлағымыз қанығып өстік.


Міне, осы қысқа жіп күрмеуге келмей жатқан шаққа балалығы тап келген өрімдей жасөспірімге әкесінің тым ерте өмірден өтуі қосымша соққы болып тиді. Содан, бір мүшелін толтырмай жатып, зілбатпан жүкті мойнына артқан бозбала «шешем қайтсем қолғабыс тигізем» деп буыны қатпай жатып шөп шапқан, мал баққан, қысқасы, ауылда соғыстан қайтпай қалған азаматтар орнында еңбектеніп, совхоздың бейнетті жұмыстарына жегілген. Сөйтпін бір әулеттің өзіне артқан аманатын арқалайды. Бірақ арманы биік азамат қашанғы шаруа айналасында жүре берсін?! Талапты жасты тар шеңберде ұстаудың жөн емесін түсінген анасы да «енді, шырағым, бізге көп алаңдама, болашақ сара жолыңды тап» деп батасын бергенде, ағамыз бірден заң саласын таңдапты.

(Жалғасы 4-бетте)

МЕРЕЙ

Ұзақ сапарларда жол бойы үлкендердің өңгімесіне құлақ түрудің мен үшін үкі пайдасы бар. Біріншісі, әрине, жол қысқарады. Ал, екіншісі, тәлім түйесің. Тек ондайда өңгіме айтушы «қыннан қиыстыратын» қара сөздің хас шебері болуы керек. Жол үстіндегі өңгіменің өсері де ерекше болады, жадыға да тез жазылып қалады.

НАР ЖОЛЫНДА ЖҮК ҚАЛМАС



Өмірбек ағамның өңгімелерін шаңырағына арнайы барып тыңдамасам да, жолсапарларда көп естідім. Өзі ұзақ жыл құқық қорғау органдарында қызмет істеді. Анығырақ айтсақ, Қызылорда облыстық полиция департаментінде басшылық қызметтер атқарды. Бұл саланың лауазымды тұлғаларынан бастап, қатардағы мамандарына дейін темірдей тәртіп пен қатаң ережелерге бағынатыны белгілі. Негізгі міндеттері қоғамдық тәртіпті қадағалап, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болған соң полиция қызметкерлері көп сөйлемейді. Олар сөздің емес, іс-қимылдың адамдары. Алайда, Өмірбек ағам алқалы топта шешендерше

шешіліп сөйлеп кеткенде ол кісіні танымайтын-дарға құқық қорғау саласының қызметкері екенін айтса, иланбас еді.

Иә, сөздің де жүлге-жүйесі, сөйлеудің де жөн-жосығы бар. Өмірбек ағамның сөзі сәнді болған соң, әңгімесі де дәмді шығады, жалықпай тыңдай бересің. Әсіресе, жадында жатталып қалған бала күнгі естеліктерін айтқанда, сол сәттерде ол кісімен бірге жүргендей күй кешесің, әлгі қызықты оқиғалар мөлдіреп көз алдына келе қалады. Кей тұсында еріксіз езу тартасың. Ал, ұзақ жылғы қызметтік жолындағы хикаялары бір кітапқа жүк болады. Ол кісіге сөз киесі атасы Шаймағанбеттен дарыған. Шаймағанбет зерделі де зерек немересін жетектеп жүріп сонау Қызылқұмды мекен еткен қасиетті қара шалдардың шапанына орап, батасына суарып өсірген. Содан да болар, Өмірбек ағам өзінің туған ауылын, ондағы бел-белестерге жасырынып қалып қойған балалық шағын әрдайым сағынышып еске алып отырады. Кіршіксіз балалығын аңсап отыратын адамның ішкі әлемі де тұмадай тұнық болады. Ал, жаны таза адам елін, жерін тілегімен де, жүрегімен де сүйеді және елге қылған қызметіне де адал болады.

Доғарыстағы полиция полковнигі, ҚР Ішкі істер органдарының Құрметті қызметкері, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қызылорда облыстық мәслихатының депутаты Шаймағанбетов Өмірбек Бердібекұлы 1963 жылы 7 наурызда Жалағаш ауданы, Жаңаталап совхозында дүниеге келді.

(Жалғасы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘЙЕЛ-АНА – ӘДІЛДІК ПЕН АДАМГЕРШІЛІКТІҢ АЙНАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ұлттың ұстыны – ұрпақ тәрбиесі, ал сол ұрпақтың жүрегіне имандылық пен ізгіліктің дәнін егетін – ардақты ана. Бабалар аманат еткен осы қастерлі ұғым бүгінгі заманда да өзінің мән-маңызын жойған жоқ. Қазақстан Республикасы Судьялар одағының атынан барша нәзік жандыларды 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйел – ең алдымен ана, тәрбиеші, жар, әпке, қыз, құрбы. Оның жүрегіндегі мейірім мен шапағат, төзім мен табандылық – қоғамның рухани тірегі. Әйел затының табиғатына тән байсалдылық пен даналық кез келген істің берекесін кіргізіп, тіршіліктің тамырына жан бітіреді. Әрбір отбасының берекесі, әрбір қоғамның кемелдігі әйелдің парасаты мен пайымына тікелей байланысты.

Біздің мемлекетімізде әйелдердің құқықтары мен тең мүмкіндіктеріне айрықша мән беріледі. Мемлекет басшысының әлеуметтік-экономикалық реформалары мен құқықтық саясатында әйелдердің құқықтарын қорғау, олардың кәсіби және қоғамдық белсенділігін арттыру мәселелері маңызды бағыттардың бірі болып отыр. Қазақстанда білім беру, денсаулық сақтау, мемлекеттік қызмет салаларында әйелдердің жетістіктері – ел дамуының жарқын көрсеткіші.

Әйелдер қауымы өздерінің ішкі рухани байлығымен ғана емес, ұлт болашағына деген зор жауапкершілігімен де ерекшеленеді. Қай салада болмасын, олардың қажыр-қайраты мен табандылығы қоғамның алға жылжуына серпін беріп келеді. Сондықтан әйел-аналарымызға, аруларымызға құрмет көрсету – азаматтық борышымыз.

Әсіресе, сот жүйесінде қызмет етіп жүрген әйелдер қауымына деген алғысымыз ерекше. Олар тек құқық саласының маманы ғана емес, әділдік пен адамгершіліктің айнасы іспетті. Судьялық қызмет – асқан парасатты, терең білім мен темірдей тәртіпті талап ететін жауапты міндет. Осы жолда нәзік жандылар батылдық пен байыптылықты, кәсіби шеберлік пен биік моральдық ұстанымды үйлестіре отырып, заң үстемдігін қамтамасыз етуде.

Соңғы жылдары сот саласында әйел судьялардың үлесі айтарлықтай артып келеді. Бұл – олардың кәсіби даярлығы мен жоғары жауапкершілігінің айғағы. Әйел судьялар заң талаптарын бұлжытпай орындай отырып, әрбір істі қарауда ар-ождан мен адамгершілік қағидаттарын берік ұстанады. Парасаттылық пен принципшілдік танытып, қоғамның сот билігіне деген сенімін нығайтуға өлшеусіз үлес қосады. Сонымен қатар сот аппараты қызметкерлерінің басым бөлігі – әйелдер. Олар – сот жүйесінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін берік тірек. Ұқыптылығы мен жауапкершілігі, ұйымдастырушылық қабілеті мен еңбекқорлығы сот төрелігінің сапалы жүзеге асуына негіз болады. Олардың күнделікті еңбегі көп жағдайда көзге көріне бермегенімен, маңызы өлшеусіз. Аталған көрсеткіштер әйелдер қауымының сот жүйесіндегі маңызды рөлін айқын дәлелдейді. Олар отбасының ғана емес, тұтас қоғамның тұрақтылығы мен келісімінің кепілі. Заң саласына жаңашылдық пен тың серпін әкеліп, әділдік қағидаттарының орнығуына белсенді үлес қосуда.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағы әйелдердің қоғамдағы мәртебесін арттыруға, кәсіби дамуына қолдау көрсетуге және құқықтарының қорғалуына бағытталған жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Әрбір әйелдің қабілеті мен әлеуеті толық ашылуына жағдай жасау – ортақ мақсатымыз.

Құрметті ханымдар!

Көктемнің шуақты лебімен бірге келген осы мерейлі мерекеде Сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге толағай табыс тілеймін. Жүректіңізіндегі мейірім мен жылылық ешқашан сарқылмасын, абыройларыңыз асқақтай берсін!

8 наурыз – бұл тек мереке ғана емес, әйелдерге деген шынайы құрмет пен алғыс білдіретін тағлымды күн. Сіздерге шаттық пен шабыт, келісім мен кемелдік тілей отырып, Халықаралық әйелдер күнімен тағы да құттықтаймыз!

Досжан Әмір,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ЖОҒАРҒЫ СОТТЫ БАСҚАРҒАН ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Соңғы жылдары бірқатар ақпарат құралдарында өлемде Жоғарғы Сот төрағасы болған алғашқы әйел ретінде Хадиша Сүлейменованың аты аталып жүр. Өзбекстандағы республикалық қазақ мәдени орталығының білім бөлімінің басшысы Клара Садырбаеваның айтуынша, қазақша шыққан алғашқы заң ғылымдарының кандидаты және докторы атанған Хадиша Сүлейменованың туғанына биыл 113 жыл толады.

1913 жылы 3 шілдеде (кейбір деректерде 3 маусым) Әндіжанда дүниеге келген Хадиша 22 жасында Өзбек ССР Жоғарғы сотының мүшелігіне сайланған. 1931–1935 жылдары Ташкенттегі Кеңестік құрылыс және құқық институтының заң факультетінде оқыған Х.Сүлейменова еңбек жолын халық судьясы болып бастайды. Ал сол жылдың аяғында Өзбек ССР Жоғарғы сотының мүшелігіне сайланып, 1938–1941 жылдар аралығында Мәскеу заң институтында аспирантурада оқиды. Сосын Ташкент заң институтында ассистент, кафедра меңгерушісі болып қызмет жасайды. 1945 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, 1948–1950 жылдары КСРО Ғылым академиясы Заң институтының докторанты болады. 1950 жылы докторлық диссертациясын қорғап, 1952 жылы профессор дәрежесін иеленген. Соның нәтижесінде ол қазақ әйелдері арасындағы алғашқы заң ғылымдарының кандидаты және ғылым докторы болды.

«1954 жылы Ташкент заң институтының ректоры болып тағайындалған Хадиша Сүлейменова «Өзбек ССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағымен марапатталады. 1956 жылы Өзбек ССР Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланады. 1956–1958 жылдары Өзбек ССР Әділет министрі, 1959–1964 жылдары Өзбек ССР Министрлер Кеңесі жанындағы Заң комиссиясының төрағасы, ал 1964 жылдан өмірінің соңғы кезеңіне дейін Өзбек ССР Жоғарғы Сотының төрағасы болды. Өзбек тіліндегі қылмыстық құқық туралы алғашқы оқулықтың жазылуына ықпал етті. Сондай-ақ елдегі сот жүйесі туралы, азаматтық, азаматтық-процессуалдық, қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық заңдар мен кодекстерді дайындауға қатысты.

Кәсіби судья, заң ғылымдарының білгір

ғалымы ретінде есімі күллі Кеңес Одағына әйгілі болған академик Х.Сүлейменқызы 16 ғалымның кандидаттық диссертациясының жетекшісі және 1 докторлық диссертацияның ғылыми кеңесшісі болады. Ерен еңбегі үшін екі рет «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды, қайтыс болғаннан кейін есімін мәңгі есте қалдыру үшін оның жетекшілігімен 1958 жылы құрылған Әділет министрлігі жанындағы Ташкент ғылыми-зерттеу криминалистика зертханасының базасы бойынша Сот сараптамасы ғылыми-зерттеу институтына есімі берілген болатын», – дейді К.Садырбаева.

Осы арада өзін әлемдегі ең демократиялы ел санайтын АҚШ-тың өзінде әйелдер арасында сот қызметіндегі ең жоғары лауазымға 1981 жылы Сандра Дэй О’Коннор жеткенін айта кеткен артық болмас. Оның өзінде Жоғарғы Сот төрешісінің кеңесшісі ғана болған. Сол себепті Хадиша Сүлейменованың есімі әлемдік сот жүйесіндегі көрнекті тұлғалар қатарында аталуы заңдылық. Әйтсе де, әйелдер арасындағы ең алғашқы Жоғарғы Сот төрағасы ретінде біз 1929-30 жылдары Қазақ АССР Жоғарғы Сотының төрағасы болған Нағима Ыдырысқызы Арықованың есімін айтуымыз керек. 1902 жылы Алматыда өмірге келген Нағима заң саласы бойынша арнайы оқу орнын бітіргеннен, 27 жасында еліміздегі Жоғарғы Сот қызметіне төрағалық етуін кездейсоқ жағдай деуге болмас. Сондықтан Нағима Ыдырысқызының Қазақ АССР Жоғарғы Сотының төрағасы ретіндегі атқарған қызметі болашақта зерттеушілер үшін зерттеу нысаны болуға әбден лайықты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ



Шолпан МАЛИКОВА,
Қызылорда облыстық сотының судьясы, баспасөз қызметін үйлестіруші:

«АР-ОЖДАНДЫ БӘРІНЕН БИІК ҚОЮ – МЕН ҮШІН БАСТЫ ҚАҒИДА»

– Шолпан Маратқызы, ең алдымен, балалық шағыңыз бен өмірлік ұстанымдарыңыз туралы кеңірек айтып берсеңіз.

– Бала күнімнен ата-анам адал еңбектің қадірін ұғындырды. Әкем тәртіпті қатты ұстанатын, ал анам сабыр мен мейірімнің үлгісі болды. Үйдегі тәрбие мен үшін өмірлік мектеп іспетті. Сол себепті кішкентайымнан жауапкершілікті сезініп өстім. Мектепте қоғамдық жұмыстарға белсенді қатыстым. Сыныптастарым арасында әділдікке араша түсетін мінезім бар еді. Кейде балалар арасындағы дауларда ортақ шешім табуға тырысатынымын. Бұл қасиетім кейін мамандық таңдауыма әсер етті деп ойлаймын. Өмірлік ұстанымым – қандай жағдайда да адал болу.

Ар-ожданды бәрінен биік қою – мен үшін басты қағида. Қандай биікке көтерілсең де, қарапайымдылықты жоғалтпау маңызды. Уақыт өте келе, осы құндылықтар кәсіби өміріңнің де темірқазығына айналды. Әділдікке қызмет ету – бала күнгі арманым еді. Бүгінде сол арманның жолында еңбек етіп келе жатқанымға шүкіршілік етемін.

– Бұл мамандықты таңдауыңызға не түрткі болды?

– Мектеп бітірер тұста болашағымыз заң саласымен байланыстырғым келді. Құқық пәнін ерекше қызығушылықпен оқыдым. Заң қоғамдағы тәртіп пен әділеттіліктің негізі екенін түсіндім.

1988 жылы С.М.Киров атындағы мемлекеттік университеттің құқықтану факультетін аяқтау мен үшін үлкен белес болды. Студенттік жылдар маған тек білім емес, өмірлік тәжірибе де берді. Ұстаздарым заңгердің ең басты қасиеті – адалдық екенін үнемі айтып отыратын. Еңбек жолымды бастағанда әр істі үлкен жауапкершілікпен қабылдадым.

Судья болу – кез келген заңгердің арманы. Бұл қызметке келу үшін тәжірибе мен терең білім қажет. 2005 жылы Маңғыстау облысы Ақтау қалалық

Әр адам үшін отбасы – басты құндылық. Қызмет қаншалықты маңызды болса да, шаңырақтағы жылулық ерекше орынға ие. Отбасының қолдауы мен түсіністігі болмаса, табысты қызмет ету қиын. Мен үшін отбасы – күш-қуат көзі. Қызметтегі жауапкершілік пен үйдегі міндетті үйлестіру әйел адамы үшін оңай емес. Уақытты дұрыс жоспарлау – табыстың кілті деп айтар едім. Әйел адамының табиғатында мейірім мен төзім бар. Бұл қасиеттер сот саласында да көмегін тигізеді. Кейде тараптардың жан күйзелісін түсіну үшін әйелдік сезімталдық қажет.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына судья болып тағайындалғаным әлі есімде. Бұл – мен үшін үлкен сенім сәті болды. Маңғыстаудағы Гүлжахан Иманғалиева, Мағрипа Оразбаева, Бекзат Шоқанова, Сәрсен Қауылтай аға-апаларыммен бірге еңбек етіп, әр істің мәні мен маңызына терең бойлауды үйрендім. Олардың өмірлік тәжірибесі мен кәсіби біліктілігі мен үшін үлкен мектеп.

2016 жылы Қызылорда облыстық сотының судьясы болып тағайындалдым. Қызылордадағы Зейнулла Нұрсейітов, Гүлсім Таңатова аға-апаларым кәсіби жолымда бағыт-бағдар берсе, Зина Жанбыршаева апайымыз апалық ақылын беріп отырады.

– Қызылорда облыстық сотының судьясы бола жүріп, бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты үйлестіру қиындық келтірмей ме? Жалпы, сот жүйесіндегі баспасөз қызметінің ерекшелігі неде?

– Сот жүйесінің баспасөз қызметі – сот пен қоғам арасындағы сенім көпірі. Адамдар сот шешімдерінің мәнін, құқықтық нормалардың мазмұнын дұрыс түсінуі үшін түсіндіру жұмыстарын жүргізу өте маңызды. Сондықтан, бұл бағытта жүйелі іс-шаралар жүргізіліп келеді.

Біз тек газеттерге мақалалар жазып қоймай, әлеуметтік желілерде жазбалар жариялап, телеарналарға сұхбаттар бе-

реміз. Заманауи технологиялар мен коммуникация құралдарын пайдалану арқылы сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға тырысамыз.

– Әйел судьяға отбасы мен қызметті қатар алып жүру оңай тимейтін болар?

– Әр адам үшін отбасы – басты құндылық. Қызмет қаншалықты маңызды болса да, шаңырақтағы жылулық ерекше орынға ие. Отбасының қолдауы мен түсіністігі болмаса, табысты қызмет ету қиын. Мен үшін отбасы – күш-қуат көзі. Қызметтегі жауапкершілік пен үйдегі міндетті үйлестіру әйел адамы үшін оңай емес.

Уақытты дұрыс жоспарлау – табыстың кілті деп айтар едім. Әйел адамының табиғатында мейірім мен төзім бар. Бұл қасиеттер сот саласында да көмегін тигізеді. Кейде тараптардың жан күйзелісін түсіну үшін әйелдік сезімталдық қажет.

Тарихта қазақ әйелдерінің арасында ел тағдырына араласқан тұлғалар аз емес. Бүгінде әйелдер түрлі салада табысты еңбек етіп жүр. Бұл ретте мен

– Сұхбатыңызға көп-көп рақмет!
Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

РЕФЕРЕНДУМ

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІН АЙҚЫНДАЙТЫН ҚҰЖАТ

Жаңа Конституцияны қабылдау ел үшін аса маңызды тарихи оқиға. Осы арқылы Қазақстан дамудың, өркендеудің, жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты. Жаңа құжат бүгінгідей өлемдік, халықаралық жағдай ұшығып тұрған сәтте мемлекетті іштен нығайтуға, халықты бір мақсатқа ұйытуға қызмет етпек.

«Көшбасшы елін күшпен емес, өзіндік үлгісімен алға жетелейді» деген екен Қытайдың белгілі мемлекет қайраткері Мао Цзэдун. Сол айтпақшы, Қазақстан көшбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та өлемдік күрделі кезеңнен мемлекетті алып шығудың бейбіт, бірегей үлгісін ұсынды. Президент ұсынған бағдар азаматтардың құқығы мен бостандығын кепілдігін нығайтуды, заң үстемдігін қамтамасыз етіп, әділетті Қазақстанның тұрақты моделін жасау туралы бастамаларды Конституциялық реформа негізіне айналдыруды мақсат етіп отыр. Бұл реформа 2022 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан мемлекетті көшенді жаңғыртудың заңды жалғасы десек шындықтан алыстамаймыз.

Конституциядағы өзгерістер мемлекеттің тұрақтылығына салынған ұзақмерзімді

таныстырылған кезден бері реформаға қатысты азаматтардан 10 мыңнан астам ұсыныс түскен. Соның нәтижесінде Ата Заңның барлық бөлімін қамтитын 77 бапқа өзгеріс енгізіліп, мәтіннің 84 пайызы жаңартылған. Талқының ашық жүргізілгеніне көпшілік куә. Азаматтардың жобаға қатысты ұсыныстары e-Otinish және eGov цифрлық платформалары арқылы қабылданып, айтылған ұсыныстар мемлекеттік басқару жүйесінің орнықтылығын нығайтуға, билік институттарының өкілеттіктері мен жауапкершілігі арасындағы теңгерімді күшейтуге, сондай-ақ елдің стратегиялық басымдықтары ретінде адам капиталын, білімді, ғылым мен инновацияны дамытуға қатысты тетіктерді барынша жетілдіруге көмектесті.

Бас құжаттың басымдығы дегенде ауыз толтырып айтатын өзгерістер аз емес. 11



Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ,
Түркістан облысының прокуроры

қағидатқа сай, бұл реформа билік тармақтары арасындағы теңгерімді нығайтып, институционалдық дамудың жаңа кезеңін қалыптастыруына күмән жоқ.

Жаңа жобадан заңдық кепілдіктер адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясына, азаматтық және саяси құқықтар, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактілерге және өзге де халықаралық конвенциялық актілерге толық сәйкес келуімен бағалы. Әрі адам өмірін, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепілдік беріп қоймай, оны күшейте түсуімен ерекше. Мәселен «Миранда ережесін» басшылыққа ала отырып құқықтық орбитаға тартылған азаматтардың өз мүддесін қорғауы үшін берілген мүмкіндік кең. Соның ішінде құзырлы органдардың әрекеттері нақтыланып, адамдарға не үшін ұсталғанын, қандай құқығы бар екенін түсіндіру міндеті жүктеліп отыр. Өзіне қарсы түсінік беруден бастарту, адвокат көмегін пайдалану және басқа да құқығы барын білген азаматтардың заңсыздықтан қорғалатынына сенімі нық болады.

Кінәсіздік презумпциясы да жаңа конституцияның мазмұнын байыта түскен. Бұл қағидаттың Негізгі құқықтар мен бостандықтар туралы бөлімге енгізілуі азаматтардың құқығын айшықтап, негізсіз айыптау қаупіне тосқауыл қояды. Бұдан бөлек жаңа жобадан жеке өмірге, жеке және отбасылық құпияға қол сұқпаушылықпен қатар, дербес деректерді заңсыз әрекеттерден, оның ішінде цифрлық кеңістікте қорғау конституциялық деңгейде бекітілген.

«Болашақты болжай білетін көшбасшы – дана басшы» дейді бабаларымыз. Президент те қазіргідей сындарлы сәтте жаңа Конституция қабылдауға байланысты референдум өткізу арқылы мемлекеттің болашағын көпшілікпен пікірлессе, үндесе отырып айқындаудың дұрыстығына көзімізді жеткізді. Бұл «Кеңескен істе кемшілік болмайды» деген ұстанымды шындыққа айналдырады. Ең бастысы, қазір ашық алаңда жан-жақты талқыланып жатқан Конституциялық реформа еліміздің жарқын болашағының, халқымыздың бейбіт өмірінің кепілі екеніне баршамызды сендірді.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ

3-қоғам дамуы, екіншісі – халық талабы. «Халық қаласа, хан түйесін сояды» деп байырғы бабаларымыз айтпақшы, елдегі жаңа реформалардың көпшілігінің өзегінде азаматтардың ұсынысы мен тілегі жатқаны рас. 2023 жылдың 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізілген «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заңның тәжірибеге енгізілуінің де бастауында халықтың мүддесі, талабы тұр.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ БАНКРОТ ДЕП ТАҢУДЫҢ МЕХАНИЗМДЕРІ

Себебі өмірлік жағдайларға байланысты қаржылық қиындыққа тап болып, қарыздың қамытын киген азаматтар мемлекеттен қолдау күтті. Банкрот мен қаржы ұйымдарын қаржылық тығырықтан шығаруға қатысты бірнеше сауатты қадамның жасалғанын білетін көпшілік жеке тұлғаларға да мемлекеттің көңіл бөлуін, қиындығын жеңілдетуін қалады. Осылайша жаңа заң қолданысқа енгізілген болатын. Банкроттық туралы заң қолданылған үш жылдың ішінде көптеген қарапайым азаматтарға көмегін тигізді. Жеке банкроттық рәсімдеріне өтініш беру мүмкіндіктерінің кеңейтілуі, бұрынғы шектеулердің алынып тасталуы, процесті жеңілдететін түзетулердің енгізілуі заң тетіктерін қолжетімді ете түсті. Дегенмен, халық игілігі үшін қабылданған заң ел қажетіне жарауы үшін заңды қолданудың құқықтық механизмі үнемі, қарапайым тілмен түсіндіріп отырғанымыз абзал.

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы» заңына сәйкес азаматтар қаржылық қиындықтан шығуға мүмкіндік беретін үш түрлі әдістің өзіне ыңғайлысын таңдай алады. Оның біріншісі – соттан тыс банкроттық. Бұл тетікті қолданудың негізгі шарты – қарыз алушы-жеке тұлғаның банкрот, микроқаржы ұйымдары, коллекторлық агенттіктер алдындағы берешегі 1600 АЕК-тен аспауы керек. Яғни, 2026 жылы АЕК көлемі 4325 теңге болғанын ескерсек, берешегі 6 920 мың теңгеден төмендер ғана соттан тыс банкроттыққа өтініш бере алады. Бұған қоса қарызы бар азаматтың атына тіркелген, оның ішінде ортақ меншіктегі мүлкі болмауы керек. Сондай-ақ өтініш берілген күнге дейін қатарынан 12 ай ішінде ол кредиторлардың, коллекторлардың алдындағы қарызы бойынша төлем жасамауы шарт.

Жеке тұлғаларға беріліп отырған екінші әдіс – сот арқылы банкроттық. Өзін банкрот деп тану үшін сотқа арыз бергендердің қарызы 1600 АЕК-тен жоғары болуы керек. Сонымен қатар азаматтардың 12 ай бойы борышкерлік міндетін өтей алмауы, қаржылық тұрғыдан қиналып жүргені назарға алынады.

Ал банкрот мен қаржы ұйымдарынан алған барлық қарызының мөлшері өзіне тиесілі мүлктің құнынан аспайтын борышкерлер тек төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдана алады. Осы тізбектелген үш әдістің ішінде азаматтар үшін ең тиімдісі де әрі жеңілі де – төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі. Бұл тұрақты табыс болған жағдайда сот тағайындаған қарыз бойынша төлем жоспарын алуды көздейді. Яғни, борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге ықпал ететін нақты жоспарды қаржы менеджерімен бірлесіп отырып әзірлейді де, бұл жоспарды кейін сот бекітіп береді. Бұл рәсімнің басты шарты – борышкердің жалпы қарызы меншігіндегі мүлкінің құнынан аспауы тиіс. Ең бастысы, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолданған борышкер ресми түрде «банкрот» мәртебесіне ие болмайды. Сәйкесінше мұндай азаматтарға несие алуға тыйым салу сияқты тыйымдар қолданылмайды.

Әрине, мемлекет өз азаматтарының қауіпсіз ортада, жайлы да бақауатты өмір сүруі үшін барлық жағдайды жасайды. Алайда, азаматтар қаржылық қиындықтан шығу үшін мемлекет ұсынып отырған заңның теріс салдары барын да ескеруі керек. Себебі сот банкрот деп таныған жандарға 5 жыл бойы ешбір банк, қаржы ұйымы тарапынан қарыз берілмейді. 3 жыл бойы ҚР аумағынан тыс шығуға шектеу қойылады. Сондықтан, азаматтар қаржылық сауатын көтеріп, өзі тапқан табысты дұрыс жұмсауды, тиянақты жинауды үйренуі керек. Теңгенің тиыннан құралатыны сияқты, бақауатты тірлік кешудің де кілт қаржыны сауатты басқаруға тәуелді.

А.ТАКЕНОВА,
Жетісу аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

«Болашақты болжай білетін көшбасшы – дана басшы» дейді бабаларымыз. Президент те қазіргідей сындарлы сәтте жаңа Конституция қабылдауға байланысты референдум өткізу арқылы мемлекеттің болашағын көпшілікпен пікірлессе, үндесе отырып айқындаудың дұрыстығына көзімізді жеткізді. Бұл «Кеңескен істе кемшілік болмайды» деген ұстанымды шындыққа айналдырады.

инвестиция. Бұл – болашақ дағдарыстардың алдын алуға, қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтуға және мемлекеттік басқарудың жаңа архитектурасын қалыптастыруға жол ашады. Сонымен қатар жобадан әділеттілік, «Заң мен тәртіп» қағидаттары алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілгенін де айта кеткеніміз абзал. Көпшілікке таныстырылған Ата Заң жобасының Преамбуласында бұл қағида негізгі басымдық ретінде айқындалған. Бұл бүгінгі заманның рухын, қоғамның мақсат-мұратын және ұлтымыздың болмысын айқындай түспек.

Осы ретте еліміздің Бас прокуроры Берік Асыллов елдік құжаттың мақсатын халыққа терең түсіндіру үшін кең көлемде насихат жұмыстарын қолға алуға көңіл бөліп отыр. Себебі халықтың көңілінен шыққан, тиімді екеніне халықтың анық көзі жеткен заң ғана өміршең. Ұсынылған жаңашылдықтар бойынша ашық диалог орнатудың өзекті екенін алға тартқан Бас прокурордың жүйелі ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына өзі тікелей бастамашылық жасап, кәсіби және азаматтық қоғамды ашық пікір алмасуға тартуға тікелей жол көрсетуі елді ортақ мүддеге біріктірудің тетігі екені талассыз. Бұл тәсіл реформалардың мәнін ұғынуға, теріс қорытындылардан аулақ болуға және инновациялардың мазмұнын нақты болжауға мүмкіндік береді.

Осындай ел алдында жүрген азаматтарға сенім артқандықтан, қарапайым халық та Бас құжатты талдауда өте белсенді. Жоба

бөлім мен 96 баптан тұратын жобадан ел дамуының түбегейлі жаңа тәсілі бекітілген. Оның ең негізгісі – құжаттың алғаш рет мемлекеттік тілде әзірленуінен көрінеді. Сонымен қатар, қазіргі екі палаталы Парламенттің орнына Құрылтайдың құрылуы, Халық кеңесінің енгізілуі, Вице-президент лауазымының айқындалуы жобадан бірден көзге түсетін басты өзгерістер. Бұл жаңашылдықтар біртұтас Қазақстан халқының мүддесіне қызмет етіп, ішкі саясат, қоғамдық келісім және ұлттық құндылықтар мәселелерін реттеуге негіз қалауы тиіс.

Одан бөлек бұрынғы Конституция мен қазіргі жобаны салыстыра отырып талай толымды жаңашылдықтарды аңғаруға болады. Мәселен бұрын Конституцияда адам құқықтары мен бостандықтары қорғалуы тиіс деп жазылса, қазіргі жобадан «Мүлтіксіз» қорғалуы тиіс деу арқылы Конституциялық кепілдікті нақтылауға басымдық берілген. Бұрынғы «өмір сүру құқығы бар» деген норма «өмір сүру құқығы абсолютті және ажырамайды» деп нақтыланған. Құжатта әйелдер мен балалардың құқығын қорғау мәселесі де айрықша көрсетілген. Сондай-ақ дін мен мемлекеттің бөліну қағидаты нақтыланып, рухани және діни оқу орындарын қоспағанда, білім беру жүйесінің зайырлы сипаты бекітіліп отыр. Мемлекеттік басқарудың мазмұны мен архитектурасын түбегейлі жаңарту міндеті де қоғамда қызу талқылануда. «Тепе-теңдік бар жерде тұрақтылық бар» деген саяси

15 НАУРЫЗ
МАРТА

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
Важен голос каждого из нас!

РЕФЕРЕНДУМ

www.election.gov.kz

ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БЮЛЛЕТЕНЬ

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

ЖЕТПІС ДЕГЕН ДЕР ШАҒЫ ДАНАЛЫҚТЫҢ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұнда да алдынан жарқыраған данғыл жол тосып тұрмаған екен. Өзі қалаған Е.А. Бөкетов атындағы оқу ордасының заң факультетіне түскісі келген талапкерлер өте көп, алғашқы екі талпынысы сәтсіз болғанымен беті қайтып, жүнжімеді, енесі түспеді. Ауылына келіп, слесарлықпен айналыса жүріп, келесі оқу жылын сабырмен күтті. Ақыры, үшінші жылы жолы болды. Оқу, ізденіс өз алдына, азаматтың өзіндік дара жолы айқындалатын, өз сүрлеу-соқпағын табатын нағыз сынақ кезеңі енді басталғандай. Адам баласын өрге сүйрейтін – сенім. Ертеңіне үлкен сеніммен ұмтылған жас заңгер, дана Абайша өрелесек, «ақырын жүріп, анық басып», өз орнын айқындай беріпті.

Бала кезімізде қариялардың «айыр мен күрек ұстап, шынықпаған баладан береке шықпайды» дегенді көп естуші едік, соның шындық екеніне Моряк Смағұлұлының өмірбаянынан артық мысал табу қиын шығар. Еңбек кітапшасындағы жұмыс өтілінің тізбегі слесарлықтан басталып, Жоғарғы Соттың судьясына дейін жалғасқан азаматтық белестер осының жарқын айғағы. Қарағандыдан сонау 1983 жылы оқуын тәмамдап, дипломы қолына тиген соң Жезқазған қаласынан бір-ақ шығыпты. Жаңа ғана оқу бітірген жас үшін бұл үлкен сынақ еді. Әуелгі қадамдар, көбінесе, шағындау елді мекендерден, аудан орталықтарынан басталып жатады. Бастапқыда қалалық транспорт саласы бойынша прокурор көмекшісі,



одан Жезқазған қалалық халық сотының судьясы болып қызмет атқарған Моряк Смағұлұлы Жезқазғанда тәжірибе жинап, ысыла келе, 1992 жылы Қарағанды қаласына қоныс аударған. Мұнда әуелгі жылдарда Қарағанды облыстық сотының судьясы қызметін атқарды. Көп ұзамай Қарағанды облыстық

соты қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметін атқарып, абырой биігінен көрінді. Ал 2009 жылы Моряк Смағұлұлы Жоғарғы Соты судьясы болып тағайындалғанда, бұл сот қауымдастығы үшін зандылықтай көрінген.

Сырт қарағанда әріптесіміздің еңбек жолы са-

тылап, тез көтеріліп кетудің көрінісіндей көрінгенімен, мұнда нағыз еңбек адамының тамшылаған ащы тері мен азабы, сарсылған ізденісі мен табанынан таусылған талап ізі байқалады. Білікті судьяның еліміздің заң істеріне қосқан үлесі үкімет тарапынан елеусіз қалмаған. Өр жылдары «Құрмет» орденімен, «Үш би» төсбелгісімен, көптеген медальдармен марапатталуы соның дәлелі. Оның үстіне, Моряк Смағұлұлының заң мен сот істеріне кездейсоқ келмегенін, өз сара жолын тапқанын жақсы білетін, мойындайтын және сол кәсіби біліктілігімен қоса, кісілік келбетін, үлкендік өнегесін, ағалық ақыл-кеңесін қабылдап, бағалай алатын ортасы бар, дәріптеп, құрметтейтін қауым бар.

Заң адамы қашанда елінің көз алдында; сондықтан да болуы керек, оған айтылатын сын көп, мін артушылық та аз болмайды. Мықты болсаң, шыдап бақ, өзің тандап түскен жол, қаншама қиындығы мен азабын біле тұра тәуекелге бел байлаған жоқ па едің?! Осындай ой тығырығына тірелген сәттер кімде болсын, аз болмас. Осындайда Моряк Смағұлұлымен жолымыз түйіскен, қызмет бабында қатты шиеленіс жағдайына жеткен, пікір-қарарымыз кереғар келіп қалған, бірақ ақыр түбі қайырлы болған оқиғаны еске

түсіре кеткім келеді. Әрине, әлдеқашан бастан өткен жағдай, бөтен ой жоқ, әншейін, сабақ үшін.

Моряк Смағұлұлымен жолымыз сонау 2000-жылдары тоғысты. Ол кезде ағамыз Қарағанды облыстық сотының судьясы болса, мен Теміртау қалалық сотының төрағасы едім. Бұл кісінің де арыстандай аулы шағы, мен де өзімше осал емеспін. Солтүстік өңірде он жылға жуық тәжірибе жинап қалған, әрі жалындаған жастау шағым, өзіме деген сенімім нық қалыптаса бастаған, жоғары жаққа бағыныштылықпен бас изей салғаннан гөрі, орны келгенде өз ойымызды ашық айтып, пікірталасқа түседі дұрыс санайтын кезіміз.

Бірақ, ашығын айтып, әділетке жүгінсем, сол тұста Теміртау қалалық соты көбірек сынға ілігіп, ерінбеген соқтықпай өтпейтін, мысалға келтіруге қолайлы нысанға айналған шақ болатын. Облыстық деңгейдегі есепті жиында Теміртау қалалық соты ашылау түйреліп, сын тезіне іліге бастағанда, қатты шырқаттым. Әрине, өзіме дейінгі құлдырап тұрған жағдайды өз адресіме қабылдамай, сырт айналып, ақталып, сылап-сипап өте шығуыма да болар ма еді, дегенмен, артымда сенім артқан, үміт арқалатқан ұжым тұрған соң, шегінерге жер қалдырмай, былайша айтқанда, өз абыройымды ұжымнан бөлек қоя алмадым. «Не бел кетеді, не бедел кетеді» дейтін басым, сынақ түсті. Сөздің қысқасы, сол кездегі облыстық сот тарапынан жіберілген кемшіліктерді жайып салып, тек Теміртау қалалық сотының ғана емес, жалпы облыс көлеміндегі бірінші саты соттарының жіберіп жатқан кемшіліктерінің негізгі себебі апелляциялық алқаның біркелкі сот тәжірибесін ұстамағандығынан деген пікір білдіріп, бірнеше мысал келтірдім. Әрине, бұл пікір облыс басшы-

ларына ұнамады. Сондықтан менің баяндамадағы дәйектерге тұжырым жасау Моряк Смағұлұлына тапсырылды. Ағамыздың осы бір сын сағатта жағдайдың әділ бағасын бергенін қалай ұмытайын.

Кейін ойласам, менікі жүрек жұтқан көзжұмбақылқ әрекет болғандай. Дегенмен, бұл алдымыздағы аға буынның парасат-пайымына, таным көкжиегінің кеңдігіне сенгендігім болуы керек. Мұны еске алудағы мақсатым өзімді дәріптеу емес, аға заңгерлердің өзінен кейінгі буынға кеңшілігін көрсетіп, мүмкіндігінің ашылуына жағдай тудырғанын жеткенде өз ойымызды ашық айтып, пікірталасқа түседі дұрыс санайтын кезіміз.

Өнегелі ісімен үлгі болған Моряк Смағұлұлына тілерім: мықты денсаулық, отбасылық бақыт. Жетпіс жас сіз үшін тоқырау жасы емес, нағыз дер шағыңызға енді жеттіңіз. Олай дейтініміз, таңды таңға ұрып, мазасызданған, жарғақ құлағыңыз жастыққа тимеген, ел үшін еселі еңбек етуге тура келген тынымсыз уақыттар өтті, енді өзіңіз үшін өмір сүріңіз, болашақ заңгерлерге ақыл-шы тәлімгер болыңыз, кемел ұлағатыңызбен, тәжірибеңізбен бөлісіңіз!

Жан жарыңыз Роза жеңгемізбен бірге ұл-қыздарыңыз Ерлан мен Ләйлань, олардан көрген ұрпақтың махаббатына, қызық-қуанышына бөленіңіз, Жаратқан Иеміз сіздерге ұзақ ғұмыр сыйласын!

Досжан ӘМІР,
Судьялар одағының төрағасы

ЛЕБІЗ

Құрметті Моряк Смағұлұлы!

Мерейлі 70 жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымыздың қамын ойлап, тағдырын таразыға салған – от ауызды, орақ тілді, көсем сөзді кемеңгер би-бабаларымыздың жарқын жолдарын жалғастырып, саналы ғұмырыңызға қара қылды қақ жарып, әділдіктің ақ туын биік ұстауға арнадыңыз.

Кәсіби заңгер ретінде алғашқы еңбек жолыңызды ұлылықтың символы болған киелі Ұлытау өңірінде, Жезқазған көлік прокуратурасының көмекшілігінен бастасаңыз, кейіннен Жезқазған қалалық сотының судьясы, Жезқазған және Қарағанды облыстық соттарының судьясы, қылмыстық істер жөніндегі сот алқаларының төрағасы сияқты жауапты қызметтерді ұзақ жылдар бойы абыроймен атқардыңыз.

Терең біліміңіз бен кәсіби тәжірибеңіз Сізді төреліктің төріне, биліктің шыңына жетелеп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы болып тағайындалып, егемен еліміздің сот жүйесінің дамуына қомақты үлес қостыңыз. Кесімді би, шешімді судья ретінде күрделі сот істерін қарауда заңдылық пен әділдікті ту етіп, дұрыс сот практикасын қалыптастыруға атсалыстыңыз.

Судьялардың кәсіби біліктілігін бағалайтын және олардың тәртіптік жауапкершілігін шешетін бірден бір орган – Сот жөнінің төрағасы болып бірнеше мәрте сайлануыңыз, судьялар қауымдастығының Сізге деген зор сенімінің айқын көрінісі.

Мемлекет тарапынан адал еңбегіңіз лайықты бағаланып, «Құрмет» орденін кеудеңізге тақсаңыз, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Құрметті судьясы», Судьялар Одағының «Үш би» құрмет белгілерімен, бірқатар ведомстволық және мерекелік медальдарымен марапатталдыңыз.

Төрелік айтқанда асыл сөзін салмақтап, әрбір істі әділ таразылап, ақ-қарасын ажырататын билер жолы бірегей демекші, бойыңыздағы еңбекке адалдық, мақсатқа беріктік сияқты асыл қасиеттеріңізбен әріптестеріңіздің арасында зор беделге, асқақ абыройға ие болдыңыз. Өскемен ұрпақ өзіңізді тәжірибелі заңгер, парасатты басшы және білікті тәлімгер ретінде қадыр тұтады.

Мерейлі жасыңызда деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық пен құт-береке тілей отырып, отбасыңыздың алтын қазығы Роза жеңгеймен ұрпақтарыңыздың қызығына бөленіп, абыздық жасқа жетуіңізге тілектеспін.

Ізгі тілекпен,
Қарағанды облыстық сотының төрағасы
Ерден ӘРШОВ

БИДІҢ ЖОЛЫ БІРЕГЕЙ

Өз ісінің майталманы

Моряк Смағұлұлымен таныстығымыз бен бірлескен жұмысымыз 1997 жылдан, Жезқазған облысы Қарағанды облысына қосылған уақыттан басталды. Содан бері ол кісімен иық тіресе қызмет етіп келеміз. Алғашқы жылдары екеуміз де облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі алқасында судья болдық. Ал 2002 жылдан бастап Моряк Смағұлұлы қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы болып тағайындалып, мен оның қол астында жұмыс істедім. 2009 жылы ол кісі Жоғарғы Сотқа ауысқаннан кейін де кәсіби және адами байланысымыз үзілген жоқ.

Моряк Смағұлұлы ең алдымен өз ісінің нағыз маманы, өте білімді, жауапты және адал тұлға. Басшы ретінде ұжымда игі істерді ұйымдастырып, ортақ мақсатқа жұмылдыруда қарымды қабілет көрсетті. Өрқашан ұжымның мүддесін қорғап, әріптестерінің пікіріне құлақ асатын. Тіпті

Өмірі – өнеге

Моряк Смағұлұлымен 1997 жылдан танысып, Содан бері ұзақ жылдар бойы бір терінің пұшпағын илеп, қызметтес болдық. Ол кісі еліміздің сот жүйесінің дамуына, сот беделін арттыруға елшеуіс үлес қосты. Жоғарғы Сот жанындағы Сот жюриінің төрағасы болған кезінде, мен Қарағанды облыстық филиалда Судьялық өдеп жөніндегі комиссияның мүшесі болып, сот этикасын сақтау бағытында бірлесіп жұмыс істедім.

Моряк Смағұлұлының тағылымын көрген шәкірттері де осал емес. Бүгінде еліміздің әр түкпірінде қызмет етіп жүрген көптеген заңгерлер мен судьялар ол кісінің тәлімін көрген әріптесімізді тек кәсіби маман ретінде ғана емес, парасатты азамат ретінде де жоғары бағалаймын. Ол кісінің бойынан ешқашан оғаш қылық көрген емеспін. Үлкенге де, кішіге де бірдей ілтипатпен қарап, сыйлай білетін ер тұлға. Жұмыста ғана емес, отбасында да, ел-жұрт арасында да беделі өте жоғары. Қандай істі қолға алса да, оған ерекше жауапкершілікпен қарап, соңына дейін жеткізеді. Мерейлі жасында әріптесімізге мықты денсаулық, ұзақ өмір тілеймін. Отбасында бақытқа кенеліп, шәкірттердің құрметіне бөленіп жүре беріңіз. Сіздің сот беделін арттырудағы еңбегіңіз – біз үшін үлкен өнеге.

Батжан КАСЕНОВА,
Отставкадағы судья

қызмет бабындағы пікірталастың өзі тек кәсіби шеңберде, өзара сыйластықпен өтетін. Ағамыздың адамдық болмысы өз алдына бөлек әңгіме. Қиын сәтте де, қуанышта да әрқашан жылы сөзімен немесе ісімен қолдау көрсетуге дайын тұратын. Тіпті, жоғары лауазымды қызметтерге көтерілсе де, Моряк Смағұлұлы өзінің қарапайымдылығын, кішіпейілділігін сақтап қалды.

Біз Моряк Смағұлұлымен бірге көптеген күрделі және қоғамдық резонанс тудырған істерді алқалы құрамда қарадық. Күрделі істерді талқылағанда әрқашан ортақ мәмілеге келуге, шешімнің әділ әрі заңды болуына баса назар аударатынбыз.

Моряк Смағұлұлы – біз үшін кәсібиліктің, адалдықтың және биік адамгершіліктің үлгісі. Осынау 70 жас мерейтойында әріптесімізге зор денсаулық, қажымас қайрат пен отбасылық амандық тілейміз!

Светлана МИНОЧКИНА,
Отставкадағы судья

Абыройлы ардагер

Моряк Смағұлұлы – өз еңбегімен танылған, өскелең ұрпаққа үлгі боларлық, отандық сот жүйесінің тарихында өзіндік орын алған бірегей тұлға. Мен әріптесімізбен 1996 жылы судьялыққа емтихан тапсырып, осы жауапты жолды таңдаған уақытта таныстым. 1996 жылға дейін судьялар қазіргідей арнайы емтихан тапсырмайтын. Тоқсаншы жылдардың толқымалы тұсында (1996 жылы) Жоғарғы Сот әлі Алматы қаласында болатын, тек 1997 жылы Астанаға (сол кездегі Ақмола) көшірілді. Ол кезде ағамыз бұрынғы Жезқазған облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы қызметінде еді. Сол кездің өзінде-ақ ағамыздың парасаттылығы мен кәсібилігі жас мамандар үшін бағдаршам іспетті еді.

2016 жылы республика судьяларна арналған үлкен аттестация өткізілді. Бұл іс-шара Астана қаласында ұйымдастырылды. Осы аттестациялық комиссияны Моряк Шегенов басқарды. Комиссия құрамында еліміздің түкпір-түкпірінен келген тәжірибелі судьялар болды. Емтихан кезінде судьялар қатты толқып, қобалжыған сәттерде Моряк ағамыз өзінің мейірімін танытып, оларға үлкен психологиялық қолдау көрсете білгеніне дән ризамыз.

Моряк Смағұлұлының бойындағы ең бір асыл да құнды қасиет – оның биік адамгершілігі. Ол кісінің үлкенге деген құрметі мен кішіге деген шынайы ізеті кез келген адамды тәнті етеді. Оның білімділігі мен біліктілігі тек заң шеңберінде ғана емес, өмірлік даналықпен де ұшта-сып жатады. Қазір құрметті демалыста болса да, сот жүйесіндегі игі істердің басы-қасынан табылып, маңызды шаралардан тыс қалмай, өз белсенділігін танытып келеді.

Аяулы ағамызды мерейлі 70 жасқа толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Қажымас қайрат нәм ұзақ ғұмыр тілеймін. Сіз салған сара жол – біз үшін әрқашан абырой мен әділдіктің үлгісі болып қала бермек.

Қымбат КӨМІРТАСОВА,
Қарағанды облыстық сотының судьясы

56 пайыз жай статистика емес, бұл – саналы еңбектің нақты көрсеткіші

– Сауле Бекмұхамедқызы, соңғы жылдары ғылымның әлеуетін көтеру жақсы жолға қойыла бастады. Ғылымға ден қойған қыз-келіншектер қатары да көбейді. Олардың қатарында өзіңіз де жүрсіз. Жалпы, бүгінгі ғылымдағы бағыттар, ізденістер мен ұстанымдарды қалай бағалайсыз?

Соңғы жылдары ғылымға деген көзқарас шынымен өзгеріп келе жатыр деп ойлаймын. Бұрын ғылым тар шеңбердегі адамдардың ісі сияқты көрінетін, ал қазір ол қоғамның дамуына тікелей әсер ететін күшке айналды. Мемлекет тарапынан да қолдау күшейді. Ғылым министрлігі түрлі гранттар, жас ғалымдарға арналған жобалар, постдокторантура бағдарламалары, халықаралық тағылымдамалар жариялап келеді. Бұл – ғылыммен айналысамын деген адамға нақты мүмкіндік. Әрине, мәселелер жоқ емес, бірақ бұрынғыдай «ғылыммен күн көру қиын» деген түсінік біртіндеп өзгеруде.

Ғылымға қыз-келіншектердің көбірек келуі – өте қуанышты үрдіс. Ресми дерекке сүйенсек, Қазақстандағы ғылыми қызметкерлердің 56%-ын әйелдер құрайды. Ғылым кандидаты дәрежесінде 50%-дан астамы, магистр дәрежесінде 58 пайыз, PhD докторларының 54%-ы әйелдер. Ал медицина және гуманитарлық ғылымдарда әйел ғылым кандидаттарының үлесі 72%-ға жетеді. Бұл жай статистика емес, бұл – әйелдердің ғылымдағы сапалы еңбегінің нақты көрсеткіші.

Қазір зертханаларда да, университет кафедраларында да, ғылыми жобалар жетекшілігінде де әйелдерді жиі көреміз. Бұрын кей салалар «ер адамдардың саласы» деп қабылданатын болса, қазір ондай шекаралар жойылып келеді. Ең бастысы – ғылымда жыныс емес, идея мен еңбек бағаланатын кезеңге келдік деп ойлаймын.

Ғылымдағы басты жаңалықтардың бірі – пәнаралық зерттеулерге кең жол ашылып келеді. Өз зерттеу бағытымыз – лингвистика, түркология және компьютерлік лингвистика бойынша да осылай дер ем. Бұрын тіл білімін көбіне дәстүрлі әдістермен зерттесек, қазір жасанды интеллект, цифрлық модельдеу, деректер базасы, корпустық талдау сияқты заманауи технологиялармен ұштастырамыз.

Сонымен бірге цифрлық медиадискурс лингвистикасы, әлеуметтік желі дискурсы, интернет-лингвистика, эмодзи семантикасы, хэштег синтаксисі, алгоритмдік лингвистика, сот-лингвистикалық сараптама, қолданбалы және компьютерлік лингвистика сияқты салалар да кенінен дамып келеді.

Тағы бір маңызды үрдіс – ғылымның практикалық нәтижеге бағытталуы. Бұрын мақала жариялау басты нәтиже саналса, қазір одан әрі нақты өнімге, технологияға, жобалық шешімге ұмтылыс бар. Мысалы, компьютерлік лингвистика саласында жасалған зерттеулер автоматтандырылған аударма, мәтінді өңдеу, тілдік сараптама, білім беру платформаларына тікелей енгізіледі. Яғни, ғылым қоғамға қызмет етуі керек деген түсінік күшейді.

Халықаралық интеграция да үлкен рөл атқарып отыр. Қазір ғылым шекара таңдамайды. Бірлескен жобалар, ортақ жарияланымдар, халықаралық консорциумдар – сапаны арттырады. Әлемдік индекстелетін журналдарға шығу, академиялық адалдық талаптарын сақтау – бұл бізді жаңа стандарттарға бейімдеді. Әрине, кейде бұл қысым болып сезіледі, бірақ ұзақ мерзімде ғылымның сапасын арттыратын фактор деп есептеймін.

Әрине, шешімін күткен мәселелер де бар. Жас ғалымдардың тұрақты қаржыландырылуы, инфрақұрылымның толық жетілуі, зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру мәселелері әлі де жүйелі қолдауды қажет етеді. Бірақ ең бастысы – ғылымға деген



Сәуле БЕКТЕМІРОВА, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Филология факультетінде түркітану және тіл теориясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты:

«ҒЫЛЫМДА ИДЕЯ МЕН ЕҢБЕК БАҒАЛАНАТЫН КЕЗЕҢГЕ КЕЛДІК»

сенім бар. Жастар арасында зерттеуші болуға деген қызығушылық артып келеді. Бұл – үлкен үміт.

Жеке өз басым келсем, ғылымды жай мамандық емес, өмірлік ұстаным деп қабылдаймын. Әсіресе түркітану мен заманауи сандық технологияларды ұштастыру – мен үшін маңызды бағыт. Қазір әлемдік ғылым толықтай цифрлық технологиямен дамып жатыр. Сондықтан біз де түркітанудағы сандық технология, лингвистикадағы цифрлық зерттеу бағыттарын дамытып келеміз.

Қысқасы, бүгінгі ғылымдағы бағыттар мен ұстанымдарды мен оң бағалаймын. Өзгеріс бар, қозғалыс бар, жаңару бар. Ең бастысы – ғылымды есеп үшін емес, сапа мен нәтиже үшін дамыту. Сонда ғана біз білімге негізделген, бәсекеге қабілетті қоғам қалыптастыра аламыз деп сенемін.

Жоба – нақты әрі ашық пікір алмасу алаңы

– «Ғылымдағы әйелдер» жобасы жайлы да айта отырсаңыз, бұл жоба қандай мәселелерді көтереді?

– «Ғылымдағы әйелдер» жобасы туралы бұрыннан естіп жүретінмін. Жыл сайын өтетін конференцияларын сырттай бақылап, қазақ ғалым әйелдеріне арналған энциклопедия шыққанынан да хабардар болдым. Бірақ биыл осы қоғамға ресми түрде мүше болып кіріп, жақында өткен конференцияны ұйымдастырушылардың қатарында жұмыс істегеннен кейін, қоғамның ішінде атқарылып жатқан нақты істермен жақынырақ таныстым. Сонда ғана бұл жобаның ауқымы мен маңызын тереңірек түсіндім.

Ең алдымен, бұл жоба ғылымдағы әйелдердің құндылығы мен маңызын айқындай түсті дер ем. Шынын айтсақ, ғылымда жүрген әйелдердің әлеуеті өте жоғары, бірақ олардың мәселелері әрдайым ашық талқылана бермейді.

олардың бейнесі жеткілікті деңгейде көрінбейді. Қазақ ғалым әйелдеріне арналған энциклопедияның жарық көруі – осы бағыттағы маңызды қадам. Бұл – тек жинақ емес, тарихи құжат. Ол ғылымдағы әйелдердің ізін қалдыру, олардың еңбегін кейінгі ұрпаққа таныту миссиясын атқарады.

Менің ойымша, «Ғылымдағы әйелдер» жобасы ерлер мен әйелдерді қарсы қою үшін емес, ғылымдағы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету арқылы жалпы сапаны арттыру үшін маңызды. Өйткені ғылымдағы көшбасшылық – тек гендерлік мәселе емес, тиімділік пен нәтижеліліктің көрсеткіші.

Ғылым тек мақала жариялау емес, білімді жүйелеу, оны кейінгі ұрпаққа дұрыс жеткізу

– Өзіңіздің ізденіп жүрген бағытыңыз, тақырыбыңыз қандай? Және қандай нәтижеге жеттіңіз? Болашақтағы ғылыммен байланысты мақсатыңыз қалай жасалсақ?


– Менің ғылымдағы жолым тілге деген шынайы қызығушылықтан басталды деп айта аламын. Филология факультетінде оқыған жылдарым мен үшін үлкен мектеп болды. Зейнолла Қабдолов, Тұрсынбек Кәкішев, Алтай Аманжолов, Алма Қыраубаева, Дандай Ысқақ, Берікбай Сағындықұлы, Мыр-

б.з.д. I мыңжылдық. Тарихи шынайылықты сақтау үшін режиссер фильмі түркілердің ата тілінде түсіру туралы батыл шешім қабылдаған еді. Осындай жауапты жұмыста мәтінді аударып, редакторлық жасау – мен үшін үлкен мәртебе болған еді.

Өткен жылы Канзас университетінде бір жылдық ғылыми тағылымдамадан өттім. Әлемдік кітапханалармен жұмыс істеп, халықаралық журналдарға мақала жариялауға мүмкіндік алдым. Сонымен бірге Ғылым министрлігі жариялаған гранттық жобаларға жетекші әрі орындаушы ретінде қатысып, ғылыми монографиялар мен сөздіктердің жарық көруіне үлес қостым.

Күні кеше ғана Қазақстанның интеллектуалдық қазынасына келіп қосылған халықаралық маңызды еңбек – «Марко Поло саяхатының» қазақ тіліндегі нұсқасына редакторлық етуім жауапкершілік пен шындалудың жаңа деңгейін сезіндірді. Аудармашы – өзімнің шәкіртім Ка'Фоскари университетінің зерттеушісі Райма Ауесхан. Кітап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де таныстырылып, «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрді.

Ғылыми жетекшілік – мен үшін үл-



забек Сапархан, Хасан Кәрімов, Талғат Сайранбаев, Рақыш Әмір, Элеонора Сүлейменова, Раушан Авакова, Гүлмира Мәдиева, Гүлдархан Смағұлова сынды ірі ғалымдардың дәрісін тыңдап өттім. Сол кісілердің ғылымға деген адалдығы мен терең білімі мені осы жолға бағыттады. Шынында да, теңізге түскен балықтай, керегімді сол ортадан сіңіріп алдым деп ойлаймын.

Негізгі зерттеу алаңым – түркітану мәселелері, соның ішінде көне түркі тілі, тіл теориясы, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лексикология және қолданбалы лингвистика. Яғни, бір жағынан тарихи тамырды зерттесем, екінші жағынан тілдің заманауи технологиялармен байланысын қарастырамын. Осы бағыттар бойынша 100-ден аса ғылыми еңбек пен мақаланың авторымын. Мақалаларым Scopus, Web of Science базаларында және ғылыми комитет ұсынған журналдарда жарық көрді. Сонымен қатар оқулықтар, оқу құралдары, сөздіктер дайындадым. Мен үшін ғылым тек мақала жариялау емес, білімді жүйелеу, оны кейінгі ұрпаққа дұрыс жеткізу.

Өнімді еңбектерімнің бірі – ғылыми жетекшім Раушан Амирдинқызымен бірге жариялаған «Түркі филологиясына кіріспе» оқулығы. Бұл кітап Білім және ғылым министрлігінің грифімен жарық көріп, жоғары оқу орындарының Түркітану мамандығында білім алатын студенттеріне арналған. Сонымен бірге қазіргі сұранысқа сай жазылған «Компьютерлік лингвистика» оқу құралын ерекше атап өткім келеді. Ақпараттық технология қарқынды дамып жатқан кезеңде бұл еңбек лингвистика саласы үшін аса өзекті болды.

Түркология саласындағы еңбегімнің ерекше бір белесі – «Томирис» фильмімен байланысты. Фильм кейіпкерлері көне түркі тілінде сөйлейді. Көне түркі тілі – қазіргі түркі халықтарының ең алғашқы жазба әдеби тілі. Оның лексикалық қоры мен грамматикалық жүйесі бүгінгі түркі тілдерімен сабақтас.

Көпшілік «неге фильм қазіргі тілде емес?» деп сұрады. Томирис дәуірі –

кен жауапкершілік. Осы уақытқа дейін көптеген дипломдық және магистрлік жұмыстар қорғалды. Бір PhD докторын даярладым, екіншісі қорғауға дайындалып жатыр. Шәкірттерім Қазақстанда да, шетелде де еңбек етіп, білімін жалғастырып жүр. Бұл – мен үшін ең үлкен нәтижелердің бірі.

Халықаралық байланыс менің жұмысымның ажырамас бөлігі. Түркия, Италия, Венгрия, Өзбекстан, АҚШ, Әзербайжан елдерінің ғалымдарымен тығыз жұмыс істеймін. Соңғы жылдары Өзбекстанда компьютерлік лингвистика бойынша дәрістер оқып жүрмін. Университетімізде және шетелде халықаралық әрі республикалық конференциялар ұйымдастырып келемін.

Еңбегім елеусіз қалған жоқ. Дарынды жас ғалымдарға арналған мемлекеттік шәкіртакы иегері атандым, университеттің алтын медалімен марапатталдым, «ЖОО-ның үздік оқытушысы», «Үздік ғылым кандидаты» атақтарын иелендім.

Жалпы, бүгінгі әлемдік ғылым толықтай сандық технологиялармен байланысты дамып жатыр. Сондықтан біз де көштен қалмай, Түркітанудағы сандық технология, лингвистикадағы сандық технология бағытында зерттеулер жүргізіп келеміз. Жақында осы Түркітанудағы сандық технологияға қатысты үлкен жобаның ұйымдастырылуы қолға алынды. Оның мақсаты – бүкіл әлемдегі түркітануға қатысты мәліметтер базасын бір орталыққа біріктіру.

Қысқасы, мен үшін ғылым жай мамандық емес, өмір салты. 25 жылдық еңбек жолым ізденіспен, шәкірт тәрбиелеумен, халықаралық әріптестікпен, нақты нәтижемен өрілді. Алдағы мақсатым, түркология мен заманауи лингвистиканы ұштастырып, қазақ тіл білімінің әлеуетін халықаралық деңгейде одан әрі таныту.

– **Мазмұнды сұхбатыңызға рақмет. Еңбегіңіз жемісті болсын**

Сұхбаттасқан
Шолпан РАҚЫМҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

ДЕНСАУЛЫҚ

Қазіргі таңда елімізде қызылша инфекциясы өршіп тұр. Осыған байланысты еліміздің Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнazarова ата-аналарға үндеу тастап, вакцинацияның қауіпсіздігі мен тиімділігін түсіндіріп, ата-аналарды балаларын қорғауға шақырды. Өкінішке қарай, бүгінгі кезеңде балаларына вакцинаны солдырудан бас тартатын ата-аналар қатары көбейген.

ЕКПЕ ЕЛДІ САҚТАЙДЫ

Министр қызылша пневмонияға, нерв жүйесінің зақымдануына және басқа да күрделі салдарға әкелуі мүмкін екенін ескертті.

– Ана ретінде де, дәрігер ретінде де мен әрбір ата-ана үшін ең басты құндылық – баласының қауіпсіздігі екенін жақсы білемін. Бүгінде елімізде қызылша ауруының өсуі тіркелуде. Бұл «қарапайым балалар инфекциясы» емес. Қызылша – қауіпті жұқпалы аурулардың бірі. Ол пневмонияға, нерв жүйесінің зақымдануына әке-

леді. Әсіресе ерте жастағы балалар әлсіз келеді.

Бұл ретте Денсаулық сақтау министрлігінің тарапынан бірқатар шара қабылданды. Ведомство басшысы балаға екпе жасату арқылы тек өз баланың ғана емес, өзге балаларды да қорғауға болатынын алға тартты.

– 6-10 айлық балаларға қосымша иммундау басталды, екпені өткізіп алған балаларды вакцинациялау ұйымдастырылды, профилактикалық жұмыс күшейтілді. Қазіргі таңда сырақаттын

өсу қарқынының төмендеуі байқалады, дегенмен жағдай баршамыздың ортақ жауапкершілігімізді талап етеді. Сенімді қорғанудың жалғыз жолы – вакцинациялау. Оның қауіпсіздігі мен тиімділігі көпжылдық тәжірибемен дәлелденген. Сіздерді дәлелді медицина қағидаттарына және мамандардың ұсынымдарына сүйенуге шақырамын. Балаңызға екпе жасату арқылы сіз тек өз балаңызды ғана емес, өзге балаларды да қорғайсыз. Балаларыңыздың денсаулығына қамқорлық жасаңыздар. Екпені уақытылы алыңыздар, – деді Әлнazarова.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ТАРАТУ

2. «Sauda Operations» ЖШС (БСН 161240013002) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Өуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 496/2-үй, иендек 050000, тел. +7 707 049 23 83.

3. « Бағым-2021» ЖШС (БСН 210140021455) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Амангелді Иманов көшесі, 33-үй.

6. «T&D Trade Company» ЖШС (БСН 200840007384) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Жаңа Орда ықшамауданы, 21-үй, 32-пәтер.

12. «Almaty Construction Service» ЖШС (БСН 180840003781) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Өуезоа ауданы, Мамыр-7 ықшамауданы, 8/5-ғимарат, тел. 8 701 169 33 21.

13. «Atrium Retail Group» ЖШС (БСН 160840013527) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Д.Нүрпейісова көшесі, 17/1-үй, тел. +7 701 419 17 67.

16. «МЖ-Алихан» ЖШС (БСН 140340006443) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылдық округі, Шәуілдір ауылы, Ұланбек Аргынбеков көшесі, 47-үй.

17. «Synergy HR Solutions LLP» ЖШС (БСН 180140033222) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Халиуллин көшесі, 210/16 үй.

18. «Altai Group LLP» ЖШС (БСН 250940004709) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Желтоқсан көшесі, 1Б үй.

19. «Shanytaq Online LLP» ЖШС (БСН 250940004878) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Желтоқсан көшесі, 1Б үй.

20. «Golden Route LLP» ЖШС (БСН 250940004858) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Желтоқсан көшесі, 1Б үй.

22. «Europe food» ЖШС (БСН 230540006995) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Әбубәкір Тыныбаев көшесі, 2-үй, 10-пәтер, тел. +7 777 888 82 12.

26. «ПЕРЗЕНТ» қайырымдылық балалар үйі» жеке мекемесі (БСН 090240018154) таратылғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі айда мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Абай ықшамауданы, Алтын Орда көшесі, 6А үй, тел. 8 702 000 06 70.

27. «Ағын су-Н» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 230140032137) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Жаңажол ауылдық округі, Ақжол ауылы, Талапты көшесі, 26-үй, индекс 160539.

28. «Нұрлы Жол Н» ЖШС (БСН 171040015261) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, ОҚО, Шымкент қаласы, Абай ауданы, Солтүстік-Батыс шағын ауданы, 1202 үй, индекс 160023.

29. «Сән әлемі» қоғамдық қоры (БСН 141240020408) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау қаласы. Тел. +77013284646.

30. «Алихан-Заңғар» АӨК-і (БСН 170340006250) «Кооперативтің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады. Индекс 120605, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Н.Ильясов ауылы, А.Құнанбаев көшесі, №12.

31. «AIMADI Group» ЖШС (БСН 241240023750) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау қаласы, Л.Владимирский көшесі, 102-үй, 201-кабинет, тел. 87713444411.

32. «Курылыс topг stars» ЖШС (БСН 161040006815) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Орал қаласы, Г. Бельгер көшесі, 105/1, тел. +77774681967.

33. «In ratio veritas» ЖШС (БСН 220340013522) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Жандарбеков көшесі, 5-үй. Тел. +77017292851.

34. «Кан мен Тер» ЖШС (БСН 250940008731) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Е117 көшесі, 41-үй, 65-пәтер. Тел. 87754734271.

35. «ПРООПТ2023» ЖШС (БСН 231040041115) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Складская көшесі, 4а-үй.

ӘРТҮРЛІ

7. «Туберкулезді тоқтату» жаһандық серіктестігі 2026 жылы Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күні тақырыбын жариялады. Туберкулезбен күрес айлығының 2026 жылғы ұраны: Иә! Біз туберкулезді жеңеміз! Қазақстанның қолбасшылығы, инновация және халықтың күшімен!

Туберкулез – бұрын емделмейтін және жыл сайын миллиондаған адамдардың өмірін қиатын қауіпті жұқпалы ауру екені мәлім. Қазіргі уақытта туберкулезге қарсы міндетті вакцинацияның және тиімді туберкулезге қарсы препараттардың болуының арқасында туберкулез жұқпасын жеңу мүмкіндігіне жетіп отырмыз.

Туберкулездің белгілеріне: шаршаудың күшеюі, әлсіздік, түнде тершеңдік, дене қызуының субфебрильді болуы (37-37,2^oС) және себепсіз салмақ жоғалту шағымдары жатады. Бұл белгілер жиі 2-3 аптадан астам уақытқа созылатын жөтелмен бірге жүреді. Бастапқыда жөтел құрғақ болуы мүмкін, бірақ кейінірек ылғалды және өнімді болады. Ауру сонымен қатар енгітумен, асқазан аймағындағы келуделегі ауырсынумен, ірінді қақырықпен жөтелмен, кан кетумен бірге жүруі мүмкін. Егер бұл белгілер пайда болса, дереу дәрігерге хабарласқан жөн.

Туберкулезді – Mycobacterium tuberculosis бактериялары тудырады және көбінесе өкпені зақымдайды. Өкпе туберкулезімен ауыратын адамдар жөтелгенде, түшкіргенде немесе түкіргенде ауа арқылы таралады. Адамға жұқтыру үшін бірнеше микробтарды жұту жеткілікті. Жыл сайын дүние жүзінде 10 миллион адам туберкулезбен ауырады. Туберкулездің сонымен қатар өкпелік және өкпеден тыс түрлері кездеседі, сондықтан клиникалық көріністері әртүрлі болуы мүмкін.

Туберкулезді жұқтырмаудың ең маңызды шараларының бірі – алдын алу шаралары.

Алдын алу нені қамтиды?

Алдын алу – салауатты өмір салтын қалыптастыруды, аурулардың пайда болуын және таралуын болдырмауды, оларды ерте анықтауды, олардың пайда болуы мен дамуының себептері мен жағдайларын анықтауды және оларды жоюды қамтитын денсаулық сақтауға және жақсартуға бағытталған іс-шаралар кешені. Туберкулездің профилактикасы туберкулез қоздырғышы жұқтырудың және аурудың дамуын болдырмауға бағытталған. Туберкулез тек жұқпалы емес, әлеуметтік ауру болғандықтан, оның алдын алу әлеуметтік, санитарлық, спецификалық болып бөлінеді.

Әлеуметтік профилактика денсаулық жақсартуға бағытталған әлеуметтік профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтиды және бүкіл елде жүзеге асырылады. Туберкулезбен ауыраған немесе туберкулезге шалдығу қаупі бар балалар баланың иммунитетін қорғанысын күшейтеу, сондай-ақ көрсетілген жағдайда химиопрофилактика мақсатында санаториялық-курорттық балабақшаларға немесе туберкулезге қарсы санаторийлерге жіберіледі.

Санитарлық профилактикаға туберкулез инфекциясының ошақтарын емдеу (туберкулезбен ауыратын науқастың тұрғылықты жері), тексеру және контактілерді динамикалық бақылау кіреді. Туберкулезбен ауыратын науқаспен жақын қарым-қатынаста болған балалар мен жасөспірім-

дер, әсіресе олармен бір тұрғын үйде тұратындар міндетті түрде физиатрдың бақылауында болуы керек. Сондықтан жанадан анықталған белсенді туберкулезбен ауыратын науқастарды ерте анықтау және емдеу өте маңызды. Туберкулездің ең жақсы алдын алу – ерте диагностика. Сондықтан әрбір адамның кеуде қуысының рентгенографиясын жүйелі түрде тексеруден өтуі өте маңызды.

Арнайы аурудың алдын алудың негізгі әдістері балаларда БПЖ вакцинациясы (БПЖ-М) және химиопрофилактика болып табылады. Ұлттық иммуноауду күнтізбесіне сәйкес вакцинация өмірдің алғашқы 3-7 күнінде, егер қарсы көрсетілімдер болмаса, перзентханада жүргізіледі. Егер бала кейіннен туберкулез микобактериясын жұқтырмаса және Манту сынамасы теріс болса, балаға БПЖ ревакцинация жасалады. Қазіргі уақытта БПЖ ревакцинация 6-7 жаста жүргізіледі. Химиопрофилактика немесе профилактикалық емдеу – туберкулезге қарсы препараттарды профилактикалық енгізу. Ол қатаң түрде көрсетілгендей және тек физиатрдың нұсқауы бойынша енгізіледі.

Туберкулезді болдырмау үшін қандай алдын алу шараларын қолдану керек?

- Тұрақты медициналық тексерулер. Кез келген созылмалы ауруларды мұқият емдеу керек.

- Иммундық жүйені нығайту үшін көктемде және күзде мультивитаминді препараттармен витамин тапшылығының алдын алу. Денені үнемі шынықтыру;

- Толыққанды, құнарлы тамақтану және жеке жеке гигиенаны және санитарлық тазалықты сақтаңыз (қолыңызды, жемістер мен көкөністерді жуыңыз, пәтеріңізде ылғалдылық пен кірді болдырмаңыз). Туберкулез бактериялары ауа айналымы жоқ шағын, жабық кеңістіктерде таралады, сондықтан жиі желдету қажет.

- Денені шамадан тыс қызу мен жұмыстан зорығуына жол бермеу, ағзаны уақытылы демалдыру

- Темекі шегу, ішімдік ішу сияқты жаман әдеттерден бас тарту;

- Белсенді туберкулезбен ауыратын адамдармен жақын қарым-қатынастан аулақ болыңыз және жасырын туберкулез инфекциясын емденіз. Егер сіздің шеңберіңізде біреу туберкулезбен ауырса, профилактикалық тексеруден өту керек (Манту сынамасы, кеуде қуысының рентгенографиясы, жалпы кан анализі және зәр анализі).

- Күйзелісті азайтыңыз.

- Тұрақты жұмыс және демалыс кестесін сақтаңыз.

Туберкулез таяқшасы ненен қорқады?

Басқа микробтарға қарағанда туберкулез микобактериясы өте төзімді: топырақта, қарда және мұзда өзінің қасиеттерін сақтай алады, спиртке, қышқылдарға және сілтілерге төзімді. Сонымен бірге туберкулез микобактериясы тікелей күн сәулесін, жоғары температураны және құрамында хлор бар ерітінділерді ұнатайды.

Науқас адам тұрған үйде туберкулез таяқшасы қанша уақыт өмір сүреді?

Олар алты айдан сегіз айға дейін өміршеңдігін сақтап, адам ағзасына шаң арқылы енеді. Ауру адам емделмеген жағдайда жылына 10-15 адамға дейін жұқтыруы мүмкін.

Күнделікті қолданатын киім кешек пен заттардан туберкулезді жұқтыруға болады ма?

Ия, туберкулезбен ауыратын адамның киім кешегі мен заттарынан (орамам, төсек-орын, іш киім, сырт киім, ылдес-аяқ, кітаптар) тікелей байланыста болған заттарынан жұқтыруы мүмкін. Қол алысу және сүйісу де сау адамның денесіне туберкулез бактерияларын енгізуі мүмкін.

Туберкулезбен ауырған науқастың үй жайын қалай залалсыздандыруға болады? науқастың үй жайын туберкулезге қарсы негізгі немесе жостарлы дезинфекциялау арқылы залалсыздандыру жұмысын жүргізеді:

1. Тамақ қалдықтары мен науқастан бөлінетін бөлінділерді залалсыздандыру;

2. Жеке түкіргіштер мен қорғаныш дәке таңғыштарын жүйелі түрде дезинфекциялау;

3. Лас киім кешегін арнайы ылдырға сақтап, жинау және дезинфекциядан кейін бөлек жуу.

4. Бактерияларды бөлетін науқастар болған жағдайда мамандандырылған қызметтермен қорытынды дезинфекциялау.

Туберкулезді қай жерде жұқтыру ықтималдығы жоғары?

Туберкулез көбінесе қалалық жерлерде, халық тығыз орналасқан аудандарда және көптеген адамдар туберкулез әлі де таралған өлемнің аймақтарына баратын аудандарда жиі кездеседі. Үйден тыс жерде туберкулез инфекция көзі бар түрмелер, баспаналар, қарттар үйлері және мектеп жатақханалары сияқты адам көп жиналатын жерлерде оңай таралады.

Туберкулезбен ауыратын адаммен байланыста болған жағдайда не істеу керек?

Белсенді туберкулезбен ауыратын адаммен байланыста болдыңыз деп ойласаныз, қосымша тексеру және медициналық бақылау үшін жергілікті емханаға хабарласыңыз.

Туберкулезді емдеуді бастаған науқасқа қандай кенес беру кереді?

Барлық тиісті дәрігермен тағайындалған дәрілерді қабылданыз. Емдеуді медицина қызметкерлерінің қадағалауымен, әр дозаны нұсқауларға сәйкес қабылдау керек. Және сіз емдеуді толық күйсын аяқтауыңыз керек. Бұл сіздің дененіңден бактерияларды жою және жаңа дәріге төзімді бактериялардың пайда болуын болдырмау үшін маңызды.

Қорытындылай келе, салауатты өмір салтын ұстану, зиянды әдеттерден аулақ болу, уақытылы туберкулезге қарсы вакцинациялау, кеуде қуысының рентгенографиясы, туберкулинді тексеру, туберкулезді жұқтыру қаупі жоғары адамдарды профилактикалық емдеу, мамандандырылған қызметтердің санитарлық-ветеринарлық қадағалауы, қарапайым санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтау, туберкулездің алдын алудың барлық қарапайым және жоғары тиімді әдістері екенін атап өткім келеді.

Осы шаралардың барлығын орындай отырып, Сіз өзіңізді туберкулезден сақтай аласыз.

Алматы қаласы Өуезов ауданы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының орынбасары Жансейітова М.Ш.

8. Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының «Алматы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2026 жылғы 24 сәуірде сағат 15-00-де сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне бекітілген тарифтік сметалардың және инвестициялық бағдарламалардың орындауы туралы, сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы, 2025 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушылардың аясында қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы және өзге мүдделі тұлғалар жария тындау нысанында.

Табиғи монополия субъектісінің атауы және орналасқан жері: «Алматы Су» МКҚ, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 196.

Есептің өткізілетін күні мен орны: 2026 жылғы 24 сәуір, сағат 15-00-де, Алматы қаласы, 8-шағын ауданы, 82а үй, конференц-зал.

Көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрі: сумен жабдықтау жөніндегі қызметтер, су бұру жөніндегі қызметтер.

Есепті көшілшік алдында тындау офлайн және онлайн форматтада өткізіледі. Zoom платформасында бейнеконференцияға қосылу сілтемесі тындауды өткізуден бір күн бұрын Кәсіпорынның ресми сайтында www.almatysu.kz орналастырылады.

15. Жария тындаулар өткізу туралы хабарландыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – УСБ) уәкілетті орган тұлғасында мемлекеттік монополия субъектісі – «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпаратты-есептеу орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – АЕО РМК) іске асыратын қызметтер бағасын жоспарлы бекіту үшін жария тындаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қызметтер түрі:

1. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері мен респонденттер ұсынаған, жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар мен ұлттық санақтар кезінде алынған бастапқы статистикалық деректерді жинау, өңдеу, сондай-ақ алынған әкімшілік деректерді және (немесе) балама деректерді өңдеу және ресми статистикалық және талдамалық ақпаратты қалыптастыру кезінде электрондық түрде өңдеу кезеңінде оларды сақта;

2. Уәкілетті органның ақпараттық-статистикалық жүйелерін, статистика тіркелімдерін сүйемселеу;

3. Ақпараттық-статистикалық жүйелерді, дерекқорларды және олардың тұғырнамаларын, уәкілетті органның интернет-ресурсын сүйемселеу;

4. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген статистикалық ақпаратты қалыптастыру;

5. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген талдамалық ақпаратты қалыптастыру;

6. Ақпараттық-статистикалық жүйелерді, дерекқорларды және олардың тұғырнамаларын, статистика тіркелімдерін, уәкілетті органның интернет-ресурсын қалыптастыру және өзектiлендiру.

Жария тындаулар өткізу 2026 жылғы 27 наурызға сағат 10:00-де ҚР, Астана қаласы, Иманов көшесі, 13, 5-қабат, 501-офис мекенжайы бойынша жоспарланып отыр.

Байланыс телефондары және интернет-ресурстың мекенжайы:
СЖРА УСБ: тел. 8(7172)74-90-47, www.stat.gov.kz
АЕО РМК: тел. 8(7172)64-74-74 ішкі (1000), 8(7172)64-74-80 ішкі (3001), www.statdata.kz.

23. «Шығысэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органның орналасқан жері: ҚР, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2) өз қатысушыларын Серіктестіктің Атқарушы органының шешіміне сәйкес 2026 жылы 8 сәуірде сағ. 11.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2 мекенжайы бойынша «Шығысэнерго» ЖШС қатысушыларының тезектен тыс Жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу 2026 жылғы 8 сәуірде аталған мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқықтары бар қатысушылардың тізімі 2026 жылғы 7 сәуірдегі жағдай бойынша жасалады.

Күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілген:

1. 2025 жылғы қызмет қорытындылары бойынша «Шығысэнерго» ЖШС қаржылық есептілігін бекіту туралы.
2. «Шығысэнерго» ЖШС жарғылық капиталын өсіру туралы.
3. «Шығысэнерго» ЖШС бас директорының өкілеттігін ұзарту туралы.

Бірінші жиналыста квorum болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2025 жылғы 22 сәуір.

Серіктестік қатысушылары Жалпы жиналыстың күн тәртібі мәселелері жөніндегі ақпаратпен (материалдармен) «Шығысэнерго» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

24. Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Нұр Алатау ықшам ауданы, Еркеғали Рахмадиев көшесі, №2/1 үй мекенжайы бойынша орналасқан, Сабетбекова Айсулу Бағдатовнаның атына тіркелген, жалпы көлемі 17,8 шаршы метрді құрайтын, кадастрлық нөмірі 20:313:022:171:1:143, №143 жеке көлік тұрағын сатып алу-сату шарты (12.02.2020 жылы берілген, реестр нөмірі 636) жарамсыз деп танылсын.

14. Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 2026 жылғы 24 ақпандағы үйғарыммен жеке кәсіпкер Ерлан Мельсевич Исаявқа қатысты оңалту рәсімін жүргізу туралы іс қозғалғаны хабарлайды. Талаптары бар тұлғалар Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына 2026 жылғы 25 наурызға дейін хабарласу керек. Соттың мекенжайы: Абай облысы, Семей қаласы, Қабанбай батыр көшесі, №22 ғимарат, Судья С.С.Бағабеков.

25. «Кар авто сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 130940009696) орналасқан жері: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Ө.Бөкейхан ауданы, есептік квартал 098, 445-күрылыс, жалғыз қатысушының шешімі қабылданғаны туралы хабарлайды (2026 жылғы 4 наурыздағы №2 шешім). Осы шешімге сәйкес жарғылық капитал үлестердің номиналдық құнын азайту жолымен 200 074 100 теңгеден 300 000 теңгеге дейін азайтылады. Кредиторлар өз талаптарын хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі мекенжай бойынша ұсыныа алады: ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы,

«МЕДИАЦИЯ ТУРАЛЫ» ЗАҢА – 15 ЖЫЛ

БАҒДАР

ДАЛА ЗАҢЫНЫҢ ЖАҢАРҒАН ТҮРІ – МЕДИАЦИЯ

«Медиация туралы» заң – қазақтың дала заңдарын жаңғыртқан, халықтың бітімгершілік, татулық пен мәмілегерлік мінезін қайта жандандырған маңызды заңнама саналады. 2011 жылдан бері тәжірибеге енгізілгенімен, медиацияның тамыры тереңде. Сонау тарихтың төрінде тұрған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Төуке ханның Жеті жарғысында» ел ішіндегі даулардың өзара келісіммен, тараптарды бітімге келтіру арқылы шешілгенін бәріміз білеміз. Ендеше бүгінгі медиация кешегі билер бітімінің лайықты жалғасы, дауды бейбіт реттеуге басымдық берген бабалар дәстүрінің қазіргі заманға бейімделген бірегей түрі.



Бүгінде медиацияның пайдасын, қос тарапқа да тиімді тұстарын білмейтіндер аз. Содан болар, сотқа дейін де, сотта да өзара түсінісіп, медиативтік келісімге келіп жатқандар қатары қалың. Мұндай келісімдер тек азаматтық істерде ғана емес, қылмыстық, әкімшілік істерде де жиі қолданыла-

тынын тәжірибе барысынан байқауға болады.

Бұл заң қолданысқа енгізілгені бері медиаторлар саны көбейді. Өзінің жұмысын жетік білетін, халықпен тез тіл табыса алатын, дауды екі тарапқа да тиімді етіп бітірудің нақты тетігін нұсқайтын медиаторлардың арқасын-

да көптеген істер сотқа жетпей-ақ шешімін табуға. Бұл сот жүктемесін азайтып, судьялардың күрделі істерге көңіл аударуына мүмкіндік берді. Осының нәтижесінде судьялар бос уақытында білімін жетілдіріп, сот тәжірибелерін зерделей алады. Ал мұндай артықшылықтар судьяларды сот қателігінен қорғайтыны ешкімге жасырын емес.

Медиацияның тағы бір тиімді тұсы – сот актілерінің сапалы орындалуынан байқалады. Біздің елімізде сот шешімі мен үкімінің дер кезінде орындалуы үлкен мәселе. Сотқа шағымданып, ісінің оң шешілгеніне қуанған азаматтардың сот актісін орындата алмай әбігерге түсетін кезі көп. Ал медиация барысында екі тарап ортақ келісімге келгендіктен шешім тез әрі сапалы орындалады. Өйткені, тараптар бұл келісімді ерікті түрде, өздерінің мүмкіндіктерін ескере отырып жасағандықтан, оны орындауға да жауаптылықпен қарайды.

Медиацияның тараптардың қаржысын үнемдейтіні, уақыт жағынан да ұтымды екені талас тудырмайды. Сонымен бірге, даудың ешкімге жария болмайтыны, екі тараптың арасындағы сыйластықты сақтауға көмектесетіні де медиацияның маңызын арттырады. Бұл он бес жылдық тарихы бар «Медиация туралы» заңның алдағы уақытта да халыққа керек, азаматтар сұранысына ие заң болатынын айғақтайды.

А.ИХЛАСБАЙҚЫЗЫ,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

Жол қателікті кешірмейді. Бұл бұрыннан айтылып келе жатқан, мағынасын ешқашан жоймайтын маңызды төмсіл. Алайда темір тұлпар тізгіндегендердің барлығы бұл тағылымды тіркесті есте ұстай бермейді. Кейде жұмысының қауырттығын, кейде уақытының тығыздығын алға тартқан жүргізушілер жол ережесін бұзып, жолкөлік апаттарының туындауына себепші болып жатады. Соның салдарынан қара жолда қайғы көп.

ӘР ЖҮРГІЗУШІ ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ЖАУАПТЫ

Жолға шыққан әрбір азамат бағдар етер басты құжат – Жолда жүру ережесі. Ел азаматтары осы ортақ ережені сақтауы шарт. Жол ережесін бұзғандардың жасына, атағына, биік лауазымына, мінген көлігінің қымбаттығына қарамастан бірдей жаза қолданылады. Сондықтан құқықтық, зайырлы елде тұратындар осы тәртіпке бағынуы, осы ережеден тыс әрекет жасамауы керек.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 612-бабында құжаттары жоқ және басқару құқығы жоқ адамның көлік құралын басқаруына сай жауаптылық белгіленген. Бұл жаза жол ережесін өрескел бұзған, қауіпті апаттық жағдай тудырған, айналасына жауапсыз қараған жүргізушілерге қолданылады. Көлік құралын басқару құқығынан айыру жазасын қолдану жүргізушіні тәрбиелеуге, айналасына құрметпен қарауға, өз әрекетінің терістігін түсінуіне мүмкіндік беруді мақсат етеді. Алайда, мұндай жазадан кейін де өз қателігін түсінбейтіндер бар.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 612-бабының 3-бөлігі осындай өз қателігінен сабақ алмаған азаматтарға жауаптылық белгілеуді көздейді. Сәйкесінше көлік құралын басқару құқығынан айырылған жүргізушінің көлік құралын басқаруы – елу АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулік мерзімге әкімшілік қамқаруға алуға әкеп соғады.



Ержан АЛДАБЕК,
Алматы қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Мұндай жаза тағайындалған азаматтар қоғамда аз емес. Әсіресе көлікті мас күйінде басқарғаны үшін жүргізуші куәлігінен жеті жылға айырылған азаматтардың жаза мерзімі өтпей көлік жүргізіп ұсталуы жиі кездеседі. Бұл азаматтардың жауаптылықты толық түсінбегенін көрсетсе керек. Осының өзі азаматтардың жауаптылығы мен қоғамға деген құрметін қатаң жаза тағайындау арқылы қалыптастыру мүмкін еместігін көрсетеді. Сондықтан, құқық бұзушылыққа қарсы ақпараттық жұмыстарды үнемі назарда ұстап, азаматтардың құқықтық мәдениетін көтеруге басымдық берген абзал.

БІЛІМ

ҚазҰУ-дың заңгер-ғалымдары халыққа құқықтық жол көрсетеді

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің заң факультеті заңгер мамандарды дайындаудың қара шаңырағы. Еліміздегі жоғары лауазымды тұлғалар, білікті басшылар осы білім ордасынан тәлім алып, үлкен өмірден өз жолын тапқан. Осы киелі шаңырақта небір білгір ғалымдардың қызмет етіп, талай талантты шәкіртті қанаттандырғаны көпшілікке мәлім. Ел алдында жүрген заңгерлер қауымы осы ғалымдар жазған оқулықтарды оқып, шеберлігін шыңдап келеді.


ҚазҰУ-дың заңгер-ғалымдары жаңа заңдарды қабылдау, жаңа бастамалар мен реформаларды тәжірибеге енгізу істерінен де шет қалған емес. Енді міне Конституцияның жаңа жобасын түсіндіру барысында да университеттің ғалым-заңгерлері ақпараттық-насихат шараларының бел ортасында жүр.

Алдағы өтетін референдумның ел өміріндегі маңызы зор. Қазақстанның бас құжатындағы жаңалықтар қазір қоғам ішінде қызу талқыланып жатыр. Олардың арасында жобаға қатысты жүйелі ойын айтып, нақты ұсыныстарын ортаға салып жатқандар жетерлік. Әрине, заңның ұңғыл-шұңғылын білмейтін, құқықтық құжаттардың қалай дайындалғанынан хабары жоқ азаматтардың сауатын көтеру керек-ақ. Соған орай ҚазҰУ ғалымдары студенттер мен оқытушылар алдында келелі дәрістер өткізуді қолға алып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өзекті сұрақтарға жауап береді.

Бұған қоса заңгер-ғалымдар санау-

лы уақыт ішінде Конституция жобасына арналған оқу құралын дайындап шығарды. Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасын түсіндіруге арналған оқу құралы қазақ және орыс тілінде жазылған. ҚазҰУ-дың басқарма төрағасы-ректоры, Конституциялық комиссия мүшесі Жансейіт Түймебаев жетекшілік еткен бұл бағылымды дайындауға университеттің 28 оқытушы-профессоры қатысқанын айта кеткеніміз жөн. Оқу құралында қолданыстағы Конституция нормалары мен ұсынылған өзгерістер салыстырылып, әрбір түзетудің себебі түсіндірілген. Сонымен қатар оқу құралын дайындаушылар жобаға енгізілген жаңа идеялар мен құндылықтарға назар аударған.

Оқу құралын әзірлеушілердің айтуынша, бұл өзгерістердің барлығы азаматтардың құқықтарын қорғауға, мемлекеттілікті нығайтуға және елдің одан әрі дамуына бағытталған заманауи әрі орнықты құқықтық негіз бол-



мақ. Қалың көпшілікке жол тартқан бұл бағылым азаматтардың құқықтық сауатын көтеріп, Конституцияның мән-маңызын түсінуге көмектесер хақ.

Бахытжан ҚАЛЫМБЕК,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
заң ғылымдарының кандидаты,
доцент

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

АТА-АНА ҚАТЕСІНЕН БАЛА ЗАРДАП ШЕКПЕУІ КЕРЕК

Некенің бұзылуы, ерлі-зайыптылардың екі жаққа кетуі қоғамда қалыпты құбылысқа айналып барады. Жас отбасылар ғана емес, өмірдің қызығы мен қиындығын бірге көріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, жастарға жол көрсетер жасқа келген жандардың да ажырасуға шешім қабылдауы ненің белгісі? Ең өкініштісі, шаңырақтың шайқалуынан балалар көп зардап шегеді. Анасы мен әкесінің мейіріміне қанып өскен бала бақытты. Ал ажырасқан отбасының балалары ата-ана қамқорлығын тең көруден қағылғаны аздай, материалдық жақтан да қиындыққа тап болады. Себебі бізде алименттік міндеттемелерін орындаудан қашатындар баршылық.

2026 жылдың басында Қазақстанда алимент бойынша жалпы берешек 28 миллиард теңгеден асқан. Мұндай қомақты қаржының жинақталуы елімізде көптеген баланың материалдық қолдаудан қағылғанын көрсетеді. Алименттен жалтару мәселесі әлі де шешімін таппай келеді. Соның салдарынан жеке сот орындаушылар жүктемесі де айтарлықтай жоғары. Статистика көрсеткендей еліміздегі борышкерлердің көпшілігі ер адамдар. Олардың саны 300 мыңнан асып отыр. Бала алдындағы міндеттемесінен жалтарғандар арасында аналар да бар. Қазіргі кезде 11 мыңнан астам әйел борышкерлер қатарында тұр.

Балалардың заңды нәпақасын өндіру үшін жеке сот орындаушылар келешенді жұмыстар жүргізуде. Алимент төлемеу үшін мекенжайын өзгертіп, табысын жасыратын жандарды іздеу, деректерін анықтау үлкен күш-жігер мен уақытты қажет етеді. 2026 жылдың басындағы жағдай бойынша, Қазақстанда алимент төлемегені үшін 800-ден астам адам іздестірілуде (2025 жылдың шілдесіндегі жағдай бойынша 818 адам, оның 743-і ер адамдар). Алайда, борышкерлерді тапқанның өзінде олардан алиментті өндіру оңай емес. Борышкерлердің әрекетіне қарай Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 669-бабы, одан нәтиже шықпаса Қылмыстық кодекстің 139-бабына сай жаза тағайындалады. Бұған қоса банк шоттарына тыйым салу, шетелге шығуын шектеу сияқты қосымша шаралар қолданылады.

Алимент ата-ананы алмастыра алмайды. Бұл қаржы өз қанынан тараған баланың күнделікті қажеттіліктерін өтеу үшін керек. Материалдық қолдаудан тыс қалған бала тойлап тамақ ішпеуі, қатарластары секілді киініп, қалаған үйірмесіне бармауы мүмкін. Сондықтан борышкерлер алимент төлеу ардың ісі, бала алдындағы борыштың өтеуі екенін түсінсе дейміз.

Айжамал АБДРАИМОВА,
Алматы облысының жеке сот орындаушысы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6565 дана
Апталық таралым 13130 дана
Тапсырыс №934 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31